

## «Жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау»

Мемлекеттің басым міндеттерінің бірі салық салуды нақты және сауатты басқару болып табылады, өйткені бұл процестің ұйымдастырылу деңгейіне елдің салық саясатының тиімділігі байланысты.

Жалпыға бірдей декларациялауға көшуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндеттер:

- жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің әдіснамалық негіздерін әзірлеу және оларды заңнамалық қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдарды жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдауға және өңдеуге дайындау бойынша іс-шаралар өткізу;
- табыс пен мүлкті декларациялаудың халыққа барынша қолайлы рәсімін жасау;
- жалпыға бірдей декларациялауға көшу мәселелері бойынша халықты кеңінен ақпараттандыру;
- декларацияны жасау және ұсыну бойынша мемлекет тарапынан халыққа әдістемелік көмек көрсету;
- жеке тұлғалардың декларацияларын камералдық бақылаудың тиімді жүйесін құру.

Қаржы және есеп кафедрасындағы «Қаржы жүйесі және есепті дамытудың замануи трендтері ғылыми мектебі» аясында «Бизнес құрылымдар мен халықтың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қаржылық сауықтыру жөніндегі іс-шаралардың бағыттары» тақырыбы негізінде 2022 жылдың 9 желтоқсан күні «Жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау» бойынша семинар ұйымдастырды. Семинарды «Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы» Сарманов Нурболат Алибекович өткізді. Атаулы семинарға университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары офлайн және зум платформасы арқылы онлайн қосылып, көп сұраққа нақты жауап алды.



